



**«Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясы»
республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны**

Академия ректорының
2025 жылғы 7 тамыздағы № 545
бұйрығымен бекітілген

ПАРАҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕЛЕРІ

Құжатталған рәсім
Сәйкессіздіктер және түзету әрекеттері

Астана, 2025 жыл

МАЗМҰНЫ

1. Қолдану саласы	
2. Норматтік сілтемелер	
3. Терминдер мен анықтамалар	
4. Сәйкессіздіктер және түзету әрекеттері рәсімі	
4.1. Жалпы ережелер.....	3
4.2. Түзету әрекеттерін жүргізу мақсаттары.....	3
4.3. Сәйкессіздіктер мен түзету әрекеттерін басқару процедурасы.....	4
5. Жауапкершілік.....	5
5.1. Академия басшылығы	5
5.2. ПКМЖ жауапты.....	5
5.3. Академия қызметкерлері.....	6
6. Жазбалар.....	6
Қосымша А Сәйкессіздіктер мен түзету әрекеттерін басқару жөніндегі нұсқаулық.....	7
Қосымша Б Сәйкессіздіктер мен түзету әрекеттері бойынша жазбалар нысаны.....	8

1. Область применения

1. Қолдану саласы

Осы құжат «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының (бұдан әрі – Академия) Парақорлықпен күрес менеджменті жүйесінің (бұдан әрі – ПКМЖ) құжаттамасының құрамына кіреді және Академия қызметкерлеріне (ішкі аудиторларға/жұмыс тобының мүшелеріне) сәйкессіздіктермен және түзету әрекеттерімен жұмыс істеу бойынша ұсынымдарды қамтиды.

Осы құжатталған рәсім Академия қызметі шеңберіндегі барлық процестерге қолданылады және Академияның барлық қызметкерлерінің қолдануы үшін міндетті.

Құжат ISO 37001:2016 халықаралық стандартының талаптарын ескере отырып әзірленді.

2. Нормативные ссылки

Осы құжатта келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

ISO 19011:2011	«Guidelines for auditing management systems»
ISO 37001:2016	«Anti-bribery management systems – Requirements with guidance for use»

3. Терминдер мен анықтамалар

Осы құжатта ISO 19011 және ISO 37001:2016 белгіленген терминдер қолданылады.

4. Сәйкессіздіктер мен түзету әрекеттерін басқару рәсімі

4.1. Жалпы ережелер

Ішкі және сыртқы аудиттер шеңберінде анықталған және тіркелген барлық сәйкессіздіктерді ПКМЖ жауапты қарауы және талдауы тиіс.

Анықталған және тіркелген сәйкессіздіктер үшін олардың пайда болу себептері анықталуы керек. Бір сәйкессіздіктің бірнеше себептері болуы мүмкін, сонымен қатар бір себеп бірнеше сәйкессіздіктерге әкелуі мүмкін.

Сәйкессіздіктерді және олардың пайда болу себептерін талдау талдаушы тұлғаның қолы қойылған кез келген құжатталған ақпарат түрінде жүзеге асырылуы мүмкін. Егер сәйкессіздіктер мен олардың пайда болу себептері анық болса, күмән тудырмаса және екіұшты түсіндірме тудырмаса, жазбаша талдау жүргізілмеуі мүмкін.

Сәйкессіздіктерді және олардың пайда болу себептерін талдауға жауапты адам анықталған және тіркелген сәйкессіздіктердің бар-жоғын және/немесе олардың туындауы мүмкін екенін анықтауы керек. Ұқсас немесе ықтимал

сәйкессіздіктер анықталған кезде оларды өңдеу ішкі және сыртқы аудиттер шеңберінде анықталған және тіркелген сәйкессіздіктер жағдайындағыдай жүргізілуі тиіс.

Әрбір анықталған және тіркелген сәйкессіздіктер үшін түзетулер және/немесе түзету әрекеттері әзірленіп, іске асырылуы тиіс.

4.2. Түзету әрекеттерін жүргізу мақсаттары

Түзету шараларын жүргізудің мақсаты ПКМЖ жарамдылығын, қолайлылығын және барабарлығын сақтау болып табылады. Түзету әрекеттері Академияның парақорлықпен күрес саласындағы қызметін үнемі жақсарту және оның ПКМЖ процестерінің тиімділігін арттыру құралы болып табылады.

4.3. Сәйкессіздіктер мен түзету әрекеттерін басқару рәсімі

Сәйкессіздіктер мен түзету әрекеттерін басқару рәсімі бойынша нұсқаулық А қосымшасында берілген.

Түзетулер мен түзету әрекеттерін анықтау

Сәйкессіздіктердің пайда болу себептерін талдау нәтижелері бойынша қажетті түзету әрекеттері мен оларға түзетулер анықталады.

Сәйкессіздіктің бір себебі үшін бірнеше түзету әрекеттері жасалуы немесе бірнеше түзетулер енгізілуі мүмкін.

Сәйкессіздіктерді жою бойынша түзетуді және/немесе түзету іс-қимылдарын айқындауды ПКМЖ үшін жауапты (қажет болған жағдайда сәйкессіздік анықталған бөлімше басшысымен) жүзеге асырады.

Түзетулер және / немесе түзету әрекеттері мәселенің маңыздылығына сәйкес келуі, анықталған сәйкессіздіктердің салдарына сәйкес келуі және осы сәйкессіздіктердің қайта туындауын болдырмауға бағытталуы тиіс.

Түзетулер және / немесе түзету әрекеттері ПКМЖ үшін жауаптылармен «Ішкі аудитор журналына» енгізіледі. Сәйкессіздіктер мен түзету әрекеттері бойынша жазбалардың нысаны Б қосымшасында берілген.

Түзетулерді және/немесе түзету әрекеттерін жүзеге асыру

Түзету және / немесе түзету әрекеттері белгіленген мерзімде жүзеге асырылуы тиіс.

Түзетулерді немесе түзету әрекеттерін жүзеге асыруға жауапты болып ПКМЖ үшін жауапты болып табылады.

Түзетулерді және/немесе түзету әрекеттерін верификациялау және олардың нәтижелілігін бағалау

Түзетулерді және/немесе түзету әрекеттерін верификациялауды ПКМЖ жауапты (жетекші аудитор) белгіленген жазбалардағы («Ішкі аудитор журналы») сәйкессіздіктерді жою (түзетулерді және/немесе түзету әрекеттерін орындау) туралы тиісті белгімен жүзеге асырады.

Түзетулердің және/немесе түзету әрекеттерінің нәтижелілігін жедел бағалауды ПКМЖ жауапты адам жүзеге асырады.

Ескертпе - ішкі және сыртқы аудиттердің нәтижелері бойынша қабылданатын түзетулердің және/немесе түзету әрекеттерінің нәтижелілігін ішкі аудиторлар кейінгі аудитті жүргізу кезінде бағалайды.

Верификация кезінде түзету және / немесе түзету әрекеттерін жүргізу кезінде 1 кестеде келтірілген бағалау шкаласы қолданылады.

Кесте 1

Нәтижеліліктің сандық бағасы	Нәтижеліліктің сапалық бағасы
0	Түзету және / немесе түзету әрекеттері жүзеге асырылмаған
50 %	Түзету және / немесе түзету әрекеттері ішінара жүзеге асырылады
100 %	Түзету және / немесе түзету әрекеттері жүзеге асырылды

Түзетулердің және/немесе түзету әрекеттерінің нәтижелілігін қорытынды бағалау басшылықтың ПКМЖ талдау есебінде келтіріледі.

5. Жауапкершілік

5.1. Академия басшылығы

Академия басшылығы «Сәйкессіздіктер және түзету әрекеттері» рәсімі шеңберінде келесі функцияларды орындайды:

- түзету әрекеттерінің орындалуын және олардың нәтижелілігін тексеруге басшылық етеді;
- ықтимал сәйкессіздіктерді және олардың пайда болу себептерін анықтауға басшылық етеді.

5.2. ПКМЖ жауапты

ПКМЖ жауапты «Сәйкессіздіктер және түзету әрекеттері» рәсімі шеңберінде келесі функцияларды орындайды:

- сәйкессіздіктерді және олардың пайда болу себептерін талдауға басшылық етеді;
- түзетулерді және/немесе түзету әрекеттерін анықтауға басшылық етеді;
- түзетулерді және/немесе түзету әрекеттерін тексеруді жүргізеді;
- түзетулердің және/немесе түзету әрекеттерінің нәтижелілігін бағалауды жүргізеді;
- «Сәйкессіздіктер және түзету әрекеттері» («Ішкі аудитор журналы») рәсімі бойынша жазбалар қалыптастырады.

5.3. Академия қызметкерлері

Академия қызметкерлері «Сәйкессіздіктер және түзету әрекеттері» рәсімі шеңберінде келесі функцияларды орындайды:

- сәйкессіздіктерді және олардың пайда болу себептерін талдау бойынша жұмысты орындайды;
- сәйкессіздіктерді жою бойынша түзетулерді және/немесе түзету әрекеттерін анықтау бойынша жұмысты орындайды;
- түзету және / немесе түзету әрекеттерін жүзеге асырады.

6. Жазбалар

«Сәйкессіздіктер және түзету әрекеттері» рәсімінің шығыс деректері:

Түзету және/немесе түзету әрекеттерін жүргізу туралы жазбалар (Қосымша Б).

Қосымша А

Сәйкессіздіктер мен түзету әрекеттерін басқару жөніндегі нұсқаулық

Рәсім кезеңі	Әс-шаралар	Жауапты	Кезеңділігі (мерзімдері)	Шығыс деректер
Сәйкессіздіктерді талдау	Ішкі және сыртқы аудиттерде тіркелген сәйкессіздіктерді талдау	ПКМЖ жауапты	Сәйкессіздік тіркелгеннен кейін	-
Түзетулерді және/немесе түзету әрекеттерін жоспарлау	Түзетулерді және / немесе түзету әрекеттерін орындау үшін жауапкершілікті бөлу, орындау мерзімдерін белгілеу	ПКМЖ жауапты	Әрбір түзету және/немесе әрбір түзету әрекеті үшін анықталады	Түзетулер және/немесе түзету әрекеттері туралы жазба (Қосымша Б)
Түзетулерді және/немесе түзету әрекеттерін жүзеге асыру	Белгіленген мерзімдерде жоспарланған түзетулерді және/немесе түзету әрекеттерін іске асыру	Түзетулерді және/немесе түзету әрекеттерін іске асыруға жауапты персонал	Нақты түзетулер және/немесе түзету әрекеттері бойынша жазбаға сәйкес	-
Түзетулерді және/немесе түзету әрекеттерін верификациялау	Түзетулердің және/немесе түзету әрекеттерінің орындалуына талдау жүргізіледі	ПКМЖ жауапты	Түзетулерді және/немесе түзету әрекеттерін іске асыру мерзімдері өткеннен кейін	Түзетулер және/немесе түзету әрекеттері туралы жазба (Қосымша Б)
Түзетулердің және/немесе түзету әрекеттерінің нәтижелілігін бағалау	Әрбір түзетулерді және/немесе әрбір түзету әрекеттерін орындау нәтижелілігін бағалау, сондай-ақ нәтижелілікті жалпы бағалау жүргізіледі	ПКМЖ жауапты	Түзетулерді және/немесе түзету әрекеттерін іске асыру мерзімдері өткеннен кейін	Түзетулер және/немесе түзету әрекеттері туралы жазба (Қосымша Б)

Қосымша Б

Сәйкессіздіктер мен түзету әрекеттері бойынша жазбалар нысаны

Сәйкессіздіктер мен түзету әрекеттері бойынша жазбалар

№	Аудитті бағалау (сәйкессіздіктер)		Түзету	Түзету әрекеттер	Орындау үшін жауапты	Сәйкессіздікті жою күні	Верификация	Верификация күні	Бағалау
	Санаты	Сипаттам а							